

# Құрметке ризамыз

Тәуелсіз мемлекеттер достастығы бойынша 2010 жыл – Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің жылы деп аталуы кездейсоқ емес. Бұл - Жеңіске қол жеткізген ардагерлерге деген тағзым.

Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Төрт жыл бойы өз жері мен Отанын қорғау үшін, келешек ұрпақ үшін кескілескен соғыс жүріп жатты. Сол кездегі Кеңес Одағының құрамындағы ұлттық республикалармен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалын қорғаудан бастап, Сталинградтан Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі жергелерде, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда қайталанбас ерліктер көрсетті. Украинаны, Кавказды, Белоруссияны, Қырымды, Прибалтиканы азат етті. Польша, Румыния, Венгрия, Чехословакия, Болгария, Германия жерлеріндегі майдан жолдарында Жеңіс Туын көтеріп өтті. Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің қандастарымыз қатыспаған бірде-бір үлкен шайқас болмады.

Биыл Жеңістің Туы желбірегеніне 65 жыл! Еліміз 65 жыл бойына тыныштық пен бейбітшілікте өмір сүріп келеді. Содан бері халқымыз соғыс атаулысын бастан кешкен емес. Бірақ қымбатқа түскен Ұлы Жеңіс бағасын бүгінгі ұрпақтың ұмытпай жадында сақтап, батыр ардагерлерге құрмет көрсетіп

келе жатқандығына ризамыз. Жыл сайын Жеңіс күні қарсаңында



ешбір ардагер назардан тыс қалған емес. Жеңіс әндері шырқалып, жас буынға жеңістің бағасын түсіндіру, насихаттау жұмыстары жүргізіледі.

Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың 2010 жылдың 29 қаңтардағы дәстүрлі Жолдауында да ардагерлер қамқорлығы туралы баса көрсетілген. Онда: «Бізге бейбіт өмірді қамтамасыз еткендер - әкелеріміз бен аталарымыз. Бұл жеңіссіз тәуелсіз Қазақстан болмас еді», - деп Елбасымыз Жеңістің маңыздылығы мен құндылығын айрықша атады.

Жеңіс күні қарсаңында бізді, яғни соғыс, тыл және Ауған соғысының ардагерлерін еліміздің іргелі оқу орындарының бірі Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ұжымы қабылдады.

Университетте оқу жылы бері өткізілген шаралармен қатар, осы жылғы сәуірдің 13-і мен мамыр айының 13-і аралығында «Ерлікке толы жылдар тағылымы» атты тәрбие айлығы ұйымдастырылған. Айлық шеңберінде Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығы, 2010 жылдың 30 тамызында тойланатын Қазақстан Республикасының Конституциясының 15 жылдығы және

2011 жылы тойланатын Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығына ерекше мән беріліп, жастардың бойында патриоттық сезімі қалыптастырылуда. Тәрбие айлығының аясында Жәңгір хан атындағы тарихи-этнографиялық мұражайда «Тәуелсіздік тағылымы» және «Азаттық жауынгерлері» атты тақырыптық жаңа жәдігерлер көрсетілімі ұйымдастырылды. Осы шаралардың көпшілігіне ардагерлеріміз қатысты.

Студент-жастардың ардагерлерге деген ерекше ықыласы, сыйластығы мен құрметіне бөлендік. Соғыстан кейінгі жылдары осы университеттің құрылуы мен дамуына үлес қосқан соғыс және тыл ардагерлеріне, ауған соғысының ардагерлеріне ас берілді. Әрқайсымызға деген құрмет бізді тағы бір маркайтып тастады.

Аталмыш университетте Ұлы Отан соғысына қатысқан 35 оқытушы жұмыс істеді. Көбі дүниеден өтті, төртеуі бүгін де бар. Олар Бірімжаров Әзекен Кәрімұлы – экономика ғылымдарының кандидаты, доцент, Кирпичев Александр Федосеевич – ветеринарлық ғылымдарының кандидаты, доцент, Голованова Елена Захаровна және Кадров Василий Александровичтер.

Кешегі Жеңіс күніне арналған

сыйақымен марапаттау, студент-жастармен кездесуге шақыруды дәстүрге айналдырды.

Осы жылғы 65 жылдық мерейтойда әрбір ардагердің кеудесіне мерекелік медаль тағылды. Биылғы жылы Елбасы Жолдауында аталған 65 000 теңге көлеміндегі бір жолдық сыйақыдан бөлек, университет есебінен соғыс ардагерлеріне 65 000 теңге, тыл ардагерлеріне 40 000 теңге, ауған соғысы ардагерлеріне 30 000 теңге



Соғыс және соғыстан кейінгі жылдары айтылған атақты «Катюша», «Журавли», «На землянке» әндерін қайта тыңдап, тік тұрып «День Победы» әнін шырқаған ардагерлер студенттер өнері мен университет басшылығына дән риза.

Жыл сайын университет материалдық көмек көрсету,

көлемінде сыйақы берілді.

Көрсетіліп отырған көмек пен ерекше құрметке ардагерлер кеңесі атынан алғыс білдіреміз.

Жеңіс күні құтты болсын!

**Ш.Х.ДАУЛЕТЯРОВ,**  
Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-  
дың ардагерлер кеңесінің  
торағасы, т.ғ.к., профессор